**«Бекітемін»** ___________
**№69 ЖББОМ директоры**
**А.А. Абжалелова**

**«Келісемін»** ___________
**№69 ЖББОМ директор орынбасары**
**Г.К. Сырашова**

# Педагог-логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспары

**2023-2024 оқу жылы**

**Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты:**
Ата-аналарды балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарына белсенді араластыру, сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

**Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың міндеттері:**

- Ата-аналарды сөйлеу тілінің бұзылыстары бойынша ақпараттандыру, кеңес беру;
- Ата-аналарды балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарына белсенді араластыру;
- Үй жағдайында жағымды тілдік орта қалыптастыру;
- Ата-аналарды білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқу процесінде және үйде тәрбиелеу кезінде психологиялық-педагогикалық қолдау (сөйлеу тілінің дамуы және сөйлеу дағдыларының қалыптасуы) бойынша кеңес беру.

| № | Іс-шаралар | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Есеп беру нысандары |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылардың ата-аналарымен әңгіме жүргізу. Бала туралы мағлұмат жинақтау | Қыркүйек | Педагог-логопед | Логопедиялық көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналармен әңгіме жүргізу. Ата-аналарға кеңес беру журналына тіркеу. |
| .2 | Білім алушылардың тілдік қорытындыларымен ата-аналарды таныстыру. Логопедиялық үй тапсырмаларының маңызын түсіндіру. | Қыркүйек-мамыр | Педагог-логопед | Логопедиялық үй тапсырмалары |
| 3 | Ата-аналарға арналған ақпараттық кеңестер үлестірмелі материалдар дайындау:<br>- «Артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу тілін түзетудің басты құралы»;<br>- «Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу»; | Қыркүйек-мамыр | Педагог-логопед | Үлестірмелі материалдар |
| 4 | «Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында ата-аналарға арналған шебер сынып өткізу | Қараша | Педагог-логопед | Шебер сыныптың анықтамасы<br><br>*Қ.Қ.Өмірбекова, Г.С.Оразаева, Г.Н.Төлебиева, Г. Б. Ибатова.*<br>*Логопедия. Оқулық: Жоғарғы педагогикалық* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | *оқу орындарының дефектология бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 495 бет.* |
| 5 | Ата-аналарға сұраныс бойынша кеңес беру | Сұраныс бойынша | Педагог-логопед | Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналы |
| 6 | «Ата-аналар бұрышын» жаңа ақпараттармен толықтыру | Қыркүйек-мамыр | Педагог-логопед | Ата-аналар бұрышы |
| 7 | Тренинг-практикум: «Нейрогимнастикалық жаттығулар арқылы оқушылардың жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру» | Қаңтар | Педагог-логопед | Нейрогимнастикалық жаттығулар кешені<br><br>https://www.instagram.com/reel/CjPUd-TKwcT/?igshid=YmMyMTA2M2Y= |
| 8 | «Дисграфия және оны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» ата-аналарға арналған семинар тренинг өткізу | Ақпан | Педагог-логопед | Семинар тренинг анықтамасы<br><br>*Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының мазмұны: әдістемелік нұсқаулық /Г.Н.Тулебиева, Г.Б.Ибатова, А.А.Даурамбекова, Ж.Ж.Нурсеиова, - Алматы: ТП ҰҒПО, 2018ж.-53б* |
| 9 | «Дислексия және оны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» ата-аналарға арналған семинар тренинг өткізу | Сәуір | Педагог-логопед | Семинар тренинг анықтамасы<br><br>*Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының мазмұны: әдістемелік нұсқаулық /Г.Н.Тулебиева, Г.Б.Ибатова, А.А.Даурамбекова, Ж.Ж.Нурсеиова, - Алматы: ТП ҰҒПО, 2018ж.-53б* |
| 10 | Оқушылармен жүргізілген түзете-дамыту жұмыстарының қорытындысымен ата-аналарды таныстыру, оқу жылын қорытындылау. | Мамыр | Педагог-логопед | Жылдық рефлексиялық есеп |

**Педагог-логопед** [signature] **А.Т.Ерсайнова**

**«Саңырауқұлақ» жаттығуы**



Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрамыз.

**«Әткеншек» жаттығуы**



Ауыз ашық. Тілді қатайтып ұстап, үстіңгі-астыңғы тістердің артына кезек-кезек созу.

**«Тісімізді тазалаймыз» жаттығуы**



Күлеміз, аузымызды сәл ашып, тілдің ұшымен оңға-солға қозғалтып тістерді ішкі-сыртқы жағынан тазалаймыз.

**«Күркетауық» жаттығуы**



Ауызды аздап ашып, тілді жоғарыерінге қойып, тілдің жалпақ ұшын алға-артқа жылжыту керек.



# ***«Артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу тілін түзетудің басты құралы»***

*Артикуляциялық жаттығулар дегеніміз – артикуляцияны дұрыс қалыптастыру үшін қолданылатын тіл жаттығулары. Ол баланың дыбыстарды дұрыс айтуына, дұрыс сөйлеуіне тікелей әсер етеді. Бұл жаттығуларды орындағанда әр бала өзінің сөйлеу мүшелерінің жұмысын бақылай алу үшін міндетті түрде айна қолданылады.*

*Құрметті ата-ана балаға жаттығулар жасатуда мынаны ескеріңіз:*

- *Балаға жаттығуды дұрыс орындамағанын айтудың қажеті жоқ, оған қалай дұрыс жасау керектігін көрсетін, жетістігін айтып, көтермелеу қажет.*
- *Күн сайын 2-3 жаттығуды 3-5 минуттан өткізу қажет.*
- *Жеңілден күрделіге қарай жүргізіледі.*
- *Ойын түрінде ұйымдастырсаңызда болады.*
- *Ең алдымен тіл бұлшықеттеріне, кейін ерінге арналған жаттығулар жүргізіледі.*

*Артикуляциялық жаттығулар кешені.*

**«Күрекше» жаттығуы**



**Тіл босаңсытылады, жалпақ күйге енгізіледі де, төменгі ерін үстіне қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру керек.**

**«Кесе» жаттығуы**



**Ауыз кең ашылады, жалпақ қалыптағы тіл жоғары көтеріледі де кесе қалпы беріледі.**

**«Инеше» жаттығуы**



**Ауыз кең ашылады, тілді алдыға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.**

**«Төбешік» жаттығуы**



Ауызды жатрылай ашып, тілдің екі жақ шетінжоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.

**«Түтікше» жаттығуы**



Тіл ауыздан шығарылады да, түтікше түріне енгізіледі. 10-15 секунд ұстап тұру керек.

**«Сағат» жаттығуы**



Ауызды кең ашамыз, тілді жіңішкертіп алға созып, оңға және солға қозғалтамыз.

**«Дәмді тосап» жаттығуы**



Ауыз кең ашық, жалпақ тілмен жоғарғы және төменгі ерінді жалаймыз.

**«Ат шауып келеді» жаттығуы**



Ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыру және ажырату арқылы таңдай қағамыз.

**«Бақа» жаттығуы**



Еріндерімізді ашып күлімсіреп, тістерімізді көрсетеміз.

**«Пілдің тұмсығы» жаттығуы**



Еріндерді біріктіріп алдыға қарай созамыз.

**«Ұн илейміз» жаттығуы**



Жымиып «пя-пя-пя» деп тілмен еріндер арасында шалпылдату.

«Допты қақпаға кіргіз» - мақтадан жасалған допты үрлеу арқылы қақпаға кіргізеді.
«Шар үрлеу» - балаға шарды ауыздан алмай үрлеу ұсынылады.т.б

## Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар:

Саусақ жаттығуларын орындау



Ермексазбен жұмыс



Су-Джок доптарымен қолға массаж жасау



## Естіп қабылдауын дамытуға арналған ойындар:

«Ненің дыбысы?» ойынын ойнату.
Ойын шарты: аудиобаспадан түрлі жануарлардың немесе музыкалық асаптардың даусын естіртіп, ненің даусы екенін ажыратқызу.
«Мұқият тыңда, жатқа айт» ойыны.
Шарты: балаға жаңылтпашты бірнеше рет қайталау, бала жаттап алып қайта айтуы керек.

## Артикуляциялық жаттығулар орындату




*Құрметті ата-ана, балаңыздың сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуы сіздің қолыңызда!*



# *Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын-алу*

***(ата-аналарға арналған жадынама)***



Соңғы уақытта балалар тілінің кеш шығуы арнайы педагогикада және жалпы психологияда өзекті мәселелердің бірі болып отыр және балалар мен жасөспірімдердің сөйлеу бұзылыстарының алдын алу проблемасының өзектілігі жаһандық сипат алды.



Сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын-алу екі бағыттан тұрады. Олар: сөйлеу тілі бұзылыстарын біріншілік және екіншілік алдын алу.

**Сөйлеу тілі бұзылыстарын біріншілік алдын алу – бала туылғанға дейінгі уақыт.** Болашақ ана үшін жүктілік кезеңінде барынша жағымды жағдай жасау қажет:

- Қолайлы экологиялық жағдай. Қоршаған ортаның ластануы созылмалы аурулардың пайда болуына, ағзаның зиянды әсерлерге қарсы тұруын төмендетеді;
- Стресс, жағымсыз психологиялық ахуал, бұл өз кезегінде балалардың жүйке-жүйесіне кері әсер етіп, иммунитетін төмендетеді;
- Болашақ ата-аналардың уақтылы генетикалық кеңес алуы, өз уақытында әйелдер кеңесіне есепке тұрып, дәрігерлердің тұрақты бақылауында болуы өте маңызды;
- Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтын ұстану.

**Сөйлеу тілі бұзылыстарын екіншілік алдын алу** – бала туылғаннан кейінгі уақыт.



- Баланың бас аймағын зақымданудан алдын алу;
- Әртүрлі аурулар мен балалар инфекцияларының алдын-алу;
- Есту мүшелерін суық тиюден қорғау;
- Артикуляциялық мүшелерді зақымданудан қорғау;
- Бала туылған сәттен бастап, онымен мүмкіндігінше көп сөйлесу;
- Гуілдегенде немесе былдырлағанда баланы ынталандыру (бірге гуілдеу, былдырлау);
- Сөйлеу тілі еліктеу арқылы дамитындықтан, қолайлы сөйлеу ортасын қамтамасыз ету (бір тілде сөйлесу және сөйлеу, ана тілінде);
- Отбасында екітілділік – сөйлеу тілінің кеш шығуының бірден-бір себебі. Сөйлеу тілінің ерте даму кезеңдерінде отбасында екі тілде сөйлемеу қажет;
- Баламен сөйлескенде бала тілінде емес, ересектер секілді дұрыс, анық сөйлесу;
- Баланың өз өтінішін ауызша білдіруіне барынша мүмкіндік беру (жест-мимика емес);
- Смартфондарды пайдалану уақыттарын шектеу (жасына сәйкес белгілі уақыт аралығында ғана беру);

Сонымен қатар, балалардағы сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын-алу үшін:

- Естіп қабылдауын және фонематикалық есту қабілеттерін;
- Дұрыс тыныс алуын;
- Артикуляциялық аппаратының қимыл-қозғалысын;
- Қол моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар орындату керек.



Балаларда сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын-алу үшін қандай тапсырмалар мен ойындар қолдануға болатынын білесіз бе?

Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын алу үшін келесідей тапсырмалар мен ойындар ойнатсаңыз болады!



**Дұрыс тыныс алуға үйрету ойындары:**

«Көбелектерді ұшыр» - мұрынмен терең тыныс алып, қағаз көбелектерге үрлеу.

«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

# «Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері»

(шебер сынып)



20233-2024 оқу жылы

**«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ**

**«Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында өткізілген шебер сынып жұмысына**

**Анықтама**

10.11.2023ж Логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында 1-сыныптың ата-аналарына арналған шебер сынып өткізілді. Шебер сыныпқа барлығы 25 ата-ана қатысты.

**Шебер сыныптың мақсаты:** Ата-аналарға дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту.

**Шебер сыныптың міндеттері:**

- Бірінші сынып оқушыларында жиі кездесетін дыбыс айту бұзылыстарына сипаттама беру;
- Ызың және ысқырық дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері мен түзету әдіс-тәсілдерін қарастыру, тәжірибе жүзінде көрсету;
- Сонорлы дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері мен түзету әдіс-тәсілдерін қарастыру, тәжірибе жүзінде көрсету;
- Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері мен түзету әдіс-тәсілдерін қарастыру, тәжірибе жүзінде көрсету;

Шебер сынып жұмысының теориялық бөлімінде сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері, бірінші сынып оқушыларында жиі кездесетін дыбыс айту бұзылыстары, дыбыс айту бұзылыстарының себептері мен салдары туралы толық ақпарат берілді.

Шебер сыныптың практикалық бөлімінде ызың және ысқырық дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері мен түзетудің әдіс-тәсілдері тәжірибе жүзінде көрсетілді.



Сонымен қатар, үй жағдайында сонорлы дыбыстар (Р, Л) мен қазақ тіліне тән дыбыстарды түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдері көрсетіліп, практикалық жұмыстар жасалды.




және де биоэнергопластикалық әдістердің маңызы мен пайдасы айтылып, ата-аналармен «Мен көрсетемін, сен айт», «Шармен тепе-теңдік сақта» сияқты кинезиологиялық ойындар мен жаттығулар жүргізілді.



Шебер сыныптың соңында ата-аналармен кері байланыс жасалып, жұмыс қорытындыланды.

Машиналарды бірдей жүргізу арқылы үйлеріне жеткізіңдер



Ауада екі қолмен бірдей шексіздік белгісін жасаңдар



Оң қолмен сол иықты, сол қолмен оң иықты ұстаңдар. Мен қол шапалақтағанда сол қолмен оң аяқты, оң қолмен сол аяқты ұстайсыңдар.



Мені мұқият тыңдап, мен айтқан әріптерді екі жақтан бірдей тауып қоршаңдар




Суретті оң және сол қолмен бірдей бояңдар



Түстер заңдылығын сақтай отырып екі қолмен бірдей моншақтарды құрастырыңдар



Сызықтарды екі қолмен бірдей бастырыңдар





***«Нейрогимнастикалық жаттығулар арқылы баланың жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру»***

Мәтінді дұрыс, түсініп, жылдам, мәнерлеп оқу - бір-бірімен тығыз байланысты.

Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу – үлкен еңбектің жемісі. Сондықтан жылдам оқу - оқушы үлгерімінің негізгі факторы.

Әдетте кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса - көп біледі. Оқу жылдамдығы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл –ой еңбегіне ынталығы да арта түседі. Жылдам оқу дағдыларын қалыптастыруда нейрогимнастикалық жаттығулардың орны ерекше.

**Нейрогимнастика** – бұл ми жаттығуы. Біз күнделікті өмірде қол аяғымызды сермеп, қарапайым жаттығулар жасаймыз. Біраз уақыт белсенді қозғалмасақ денеміз құрысып-тырысып қалады. Дәл сол сияқты, миды да белсенді қозғалтып, қарапайым ми жаттығуларын жасап тұрған абзал. Осыны балаға жақсылап түсіндіріп, бірге гимнастика жасауды қолға алсаңыз болады.

**Нейрожаттығулардың пайдасы қандай?**

- Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының үйлесімді жұмыс істеуін жақсартады.
- Ұсақ және ірі моториканы дамытады. Зейінді шоғырландырады.
- Есте сақтау қабілетін арттырады. Оқу және жазу процесстерін жеңілдетеді. Мидың жұмыс істеу өнімділігін арттырады.

**Нейрогимнастиканы жасатқанда:**

- Баланы үстелге отырғызыңыз. Жаттығу кезінде екі қолмен бірдей жұмыс жасалады.
- Бастапқыда асықпай жасап, біршама жаттыққан соң жылдамдықты арттыра түсу қажет.

***Жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру үшін орындалатын нейрогимнастикалық жаттығулар түрлері***

Қолға арналған нейрогимнастикалық жаттығуларды орындаңдар



Қақпақтың көмегімен екі қолмен бірге жүргізіңдер



Саусақтарыңмен екі қолды бірдей жүргізу арқылысызықты бастырыңдар



Оң және сол қолды бірдей жүргізу арқылы сызықтарды бастырыңдар



Екі қолмен бірдей жүргізу арқылы сурет салу



Мен айтқан түстерді бірдей тауып, ұстаңдар.



Қол-аяқ ойыны



Сіріңкелерді екі қолмен бірдей қою арқылы үйді жасаңдар



**«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ**

«Дисграфия және оны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында өткізілген семинар-тренинг жұмысына

## Анықтама

15.02.2024ж Логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дисграфия және оны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында ата-аналарға арналған семинар-тренинг өткізілді. Семинар-тренингке барлығы 15 ата-ана қатысты.

**Семинар-тренингтің мақсаты:** Ата-аналарға дисграфияны түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

**Семинар тренингтің міндеттері:**

- Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарына сипаттама беру;
- Дисграфияның түрлері мен пайда болу себептерімен таныстыру;
- Түзету жұмыстарының мазмұны мен негізгі бағыттары туралы ақпарат беру;
- Дисграфияны түзетудің әдіс-тәсілдерін қарастыру, тәжірибе жүзінде көрсету.

Семинар-тренинг жұмысы ата-аналар арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «Гүл күлтешелері» жаттығуы арқылы басталды. Ата-аналарға гүлдердің күлтешелері ұсынылып, гүл күлтешелеріне жақсы тілектерін жазды. Ата-аналар арасында жағымды атмосфералық ахуал орнаған соң, қатысушыларға семинар-тренинг жұмысының мақсат, міндеттері мен жоспары таныстырылды.

Семинар-тренингтің теориялық бөлімінде жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының себептері мен салдары, дисграфияның түрлері (оптикалық, акустикалық, аграмматикалық дисграфия) туралы толық ақпарат берілді. Жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары түсіндіріліп, практикалық жұмыстар жасалды.



Семинар тренингтің практикалық бөлімінде ата-аналармен топтық және жұптық жұмыстар жүргізілді. Жұптық жұмыстар ретінде келесі тапсырмалар ұсынылды:

- Қате жазылған әріптерді жылдам тап;
- Дұрыс жазылған әріптерді жылдам тап;
- Шаршыларды жылдам бояп шық және т.б.

Ата-аналарға әр тапсырманың мақсаты түсіндіріліп, жұптық жұмыстардың нәтижесі қорытындыланды.



Жұптық жұмыстардан соң, топтық жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар «Оптикалық дисграфия», «Аграмматикалық дисграфия» және «Акустикалық дисграфия» топтарына бөлініп, дисграфияның түрлері бойынша түзетудің әдіс-тәсілдерін тәжірибе жүзінде меңгерді.



Семинар соңында ата-аналармен «СМС «әдісі» арқылы кері байланыс жүргізілді, семинар жұмысы қорытындыланып, қосымша үлестірмелі материалдар таратылды.

**«№69 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ**

«Дислексия және оны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында өткізілген семинар-тренинг жұмысына

**Анықтама**

22.12.2023ж педагог-логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дислексия және оны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында ата-аналарға арналған семинар-тренинг өткізілді. Семинар-тренингке барлығы 15 ата-ана қатысты.

**Семинар-тренингтің мақсаты:** Ата-аналарға дислексияны түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

**Семинар тренингтің міндеттері:**

- Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарына сипаттама беру;
- Дислексияның түрлері мен пайда болу себептерімен таныстыру;
- Түзету жұмыстарының мазмұны мен негізгі бағыттары туралы ақпарат беру;
- Дислексияны түзетудің әдіс-тәсілдерін қарастыру, тәжірибе жүзінде көрсету.

Семинар-тренингтің теориялық бөлімінде жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының себептері мен салдары, дислексияның түрлері (фонематикалық, механикалық, оптикалық, мнестикалық дислексия) туралы толық ақпарат берілді. Оқу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары түсіндіріліп, практикалық жұмыстар жасалды.

Семинар тренингтің практикалық бөлімінде ата-аналарға келесі тапсырмалар ұсынылды:

- Жасырынған әріптерді жылдам тап;
- Әріптер арасынан жасырынған сөзді жылдам тап;
- «Асты жоқ мәтіндер» әдісі арқылы жылдам оқу;
- Мәтіндегі түсіп қалған әріптерін орнына қойып оқу;
- «Оңнан солға оқы әдісі» және т.б. тапсырмалар ұсынылып, практикалық жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналар «Фонематикалық дислексия», «Механикалық дислексия», «Оптикалық дислексия», «Мнестикалық дислексия» топтарына бөлініп, дислексияның түрлері бойынша түзету әдіс-тәсілдерін тәжірибе жүзінде меңгерді.

Семинар соңында ата-аналармен «Иық тірескен шеңбер әдісі» арқылы кері байланыс жүргізілді, семинар жұмысы қорытындыланып, үлестірмелі материалдар таратылды.